

Материалы международной научно-практической конференции, посвященной 130-летию С.Сейфуллина = С.Сейфуллиннің 130 жылдығына арналған халықаралық ғылыми - практикалық конференциясының материалдары. - 2024. – Б.IV. - Б. 33-37.

ӘОЖ 930.26 (574.54)

Иса Тоқтыбаевтың ғылыми-ағартушылық қызметінің Ташкенттік кезеңі

Абай Б., 1 курс студенті

*С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті
Астана қ*

Иса Тоқтыбаев 1894 жылы 13 желтоқсанда бұрынғы Түркістан генерал губернаторлығы Сырдария облысының Перовск қаласы іргесіндегі Қараөзек бойында, қазіргі Қызылорда облысы Сырдария ауданының Қараөзек ауылында дүниеге келген. Әкесі Тоқтыбай Исаны сегіз жасында Перовскідегі саудагер Рафайл байдың жалшылығына береді. Рафайл байдың үйіне жиі келетін Николай Щипков атты орыс мұғалімі Исаның зеректігін ескеріп Перовскідегі орыс-қазақ бастауыш мектебіне оқуға қабылдайды [1]. Иса Тоқтыбаев орыс-қазақ бастауыш мектебін 1908 жылы бітіріп, шығады. 1912 жылы жоғары бастауыш орыс училищесін тәмамдап, сол жылы Ташкенттегі мұғалімдер семинариясына оқуға түседі [2]. Патша үкіметінің бірінші дүниежүзілік соғыста қара жұмысқа Дала мен Түркістан өңірінен адам алу үшін 1916 жылғы 25 маусым жарлығы жергілікті халық наразылығын туғызды. Патша үкіметінің бұл саясатын әшкерелеу мақсатында Пішпек қаласының шығыс жақ іргесіндегі Тоқмақ станциясында митингі болып, Иса Тоқтыбаев ашық платформа үстінде сөз сөйлеп, жиналған халық алдында патша үкіметінің 25 маусым жарлығын сынап әшкереледі. Тоқмақ жандармы бұл митингіні тоқтатып, Исаны ұстап Пішпек жандармериясының полковнигі Римшевичтің алдына апарды. Иса Пішпек жандармериясының тергеуінде еш нәрсені мойындамай екі апта қамауда болады. Ташкенттегі мұғалімдер семинариясының оқытушыларының көмегімен Иса қамаудан босатылып, Ташкентке оралады. Ол 1917 жылы мұғалімдер семинариясын үздік дипломмен бітіріп шығады.

Ақпан төңкерісі жеңіске жетіп, патша тақтан құлаған кейін, Иса, М.Тынышбаев, С.Асфендиярмен бірге 1917 жылы 2-5 тамыз аралығында Ташкент қаласында өткен Түркістан өлкесі қазақ-қырғыздарының жалпы съезіне қатысады [3]. Бірақ, Иса күннен күнге күшейіп келе жатқан билеуші тәртіпке қарсы күрес жүргізу қажетсіз, тіпті зиян екенін түсінді. Сондықтанда, қазақтың алдыңғы қатарлы зиялыларымен тізе қосып, кеңес өкіметі мен коммунистік идеологияға қарсы күресті рухани салаға ауыстырып, күрестің «бейбіт» жолдарын таңдайды. Сонымен, Қазақстанда кеңес үкіметі орнағаннан кейін Иса сол кездегі қазақ зиялылары Санжар Асфендияров, Тұрар Рысқұлов, Сүлеймен Есқараев, Нәзір

Төрекұлов, Бегайдар Аралбаев, түркімен Айтақов, Атабаев, өзбек Ходжаев тағы басқалармен бірге Түркістан республикасының партия, кеңес және ағарту жұмыстарында қызмет жасайды. Ташкент уездік жұмысшы, солдат және мұсылман депутаттары Кеңесінің хатшылығына сайланды. Сол кездегі Түркістан республикасына кірген осы күнгі Алматы, Жамбыл, Шымкент, Қызылорда облыстарында көптеген қазақ мектеп-интернаттарын ашуға белсене қатысты. Ол Қазалы станциясындағы бір топ жетім-жесір балаларды алып келіп, Перовскідегі орыс, қазақ мектептеріне орналастырды [2]. 1918 жылы ол Түркістан кеңестік республикасы орталық комитетінің мүшесі және кейінгі барлық шақырылымдарына сайланды. Ал 1919 жылы ақпан айында оны Ташкент қалалық комитеті большевиктер партиясы қатарына қабылдады. Иса кеңес үкіметінің алғашқы жылдарында қазақ мамандарын даярлауда ерекше еңбек сіңірді. Әсіресе, 1918 жылы мамырда Түркістан Халық Университетінің басқарма мүшелігіне тағайындалған ол жергілікті ұлт өкілдерін Түркістан кейін Орта Азия мемлекеттік университетіне (САГУ) оқуға тарту мақсатында С.Асфендияров екеуі «Мұсылмандар секциясын» құрды. Секция басшысы белгілі жадитшіл-ағартушы Мунаввар Қары Абдурашитханов болса, оның орынбасарлығына қазақтың көрнекті қайраткері Иса Тоқтыбаев сайланды.

1918 жылдың 12 қарашада өткен Түркістан Республикасы Ағарту халкомы алқасының мәжілісінде Ташкент қаласында Қазақ педагогикалық курстарын ашу жөнінде қаулы қабылданып, Иса Тоқтыбаев қазақ педагогикалық курсының меңгерушісі болып тағайындалды. Ол қазақ педагогикалық курсы одан әрі жетілдіріп, оның жұмысын ұйымдастыру мақсатында көптеген жұмыстар атқарды. Атап айтқанда, курс меңгерушісі болған ол 1918 жылы 22 қарашада Перовскіден Қоңырқожа Қожықов, Хиуадан Әбділазиз Байсейтов, Шымкенттен Сегізбай Айзуновтерді мұғалімдікке қабылдайды [5]. Қысқа мерзімде оқытушылар құрамы мен тыңдаушылар санын жинақтай алған оқу орнында нақты оқу-тәрбие ісін жолға қою мақсатында 1918 жылы 2 желтоқсан күні арнайы «Педагогикалық алқа» құрылып, осы алқаның төрағасы және курстың уақытша мүшесі болып И.Тоқтыбаев сайланды. Қазақ педагогикалық курсына С.Өтегенов орыс тілінен, С.Қожанов математикадан, Е.Табынбаев педагогикадан Х.Болғанбаев қазақ тілінен және И.Тоқтыбаев география пәнінен сабақ берді [4]. 1919 жылы мамырда Өлкелік қазақ педагогикалық курстарын бітірген 145 адамға қазақ мектебінің мұғалім-басшысы деген біліктілік беріліп, қазақ мектептеріне мұғалім болып баруға міндеттеп, қолхат берді. Курс тыңдаушылардың нақты саны жөнінде И.Тоқтыбаевтың Денсаулық сақтау комиссариатына Ташкент уезіне ұзақ мерзімді саяхатқа шығатындығы туралы хат жазып, онда 150 тыңдаушысының бар екенін атап көрсетеді. Педагогикалық курста жоғарыда аталған оқытушылармен бірге Түркістан ұлттық элитасының көрнекті өкілі Сералы Лапиннің қыздары Райхан, Хадишамен бірге інісі Жағыпар Лапин, Сара Есова, Шамғали Сарбаев, Тәңірберген Отарбаев және тағы басқалары сабақ берді. Алғашқы түлектердің қатарында қысқа мерзімде қайраткерлік қызметімен Түркістан

жастарының жетекшісіне айналған Ғани Мұратбаев пен ұлттық кәсіби театрдың негізін қалаушылардың бірі Құрманбек Жандарбековтерді ерекше атауға болады. 1919 жылдың 1 маусым күні Түркістан Республикасы үкіметінің шешіміне сәйкес, біржылдық өлкелік педагогикалық дайындық курстары қосымша ашылатын дербес педагогикалық училище болып қайта құрылып, оның директорлығына И.Тоқтыбаев тағайындалды. Бірнеше айдан соң ол яғни, 1919 жылғы 11 қарашадағы Ағарту ХК алқасының қаулысымен Комиссариаттың өлкенің қазақ халқы арасында ағартуды ұйымдастыру мәселесін бақылайтын бөлімінің нұсқаушы қызметін атқарды. Түркістан басшылығы уақыт талабына сәйкес, 20-жылдардың басында-ақ республиканың ұлттық мектептері үшін білікті мұғалім кадрларын дайындауға арналған ірі педагогикалық оқу орындарын ұйымдастыру мәселесіне баса назар аударуға кірісті. Осы бағыттағы жұмыс тиімділігін арттыру мақсатында 1920 жылы 27 сәуірде Түркістан ОАК шешімімен Халық Ағарту комиссариаты алқасының жаңа құрамы құрылып, оған Н.Төрекұлов (Ағарту Комиссары), Лепешинский (комиссардың орынбасары), мүшелері болып Н.Ходжаев, Дволайцкий, И.Тоқтыбаев кірді. 1920 жылғы маусымға дейін аталған алқа Түркістандағы білім беру Институттарының Ережелерін әзірлеп, бекітеді.

Сонымен 1920 жылы 1 қазанда Ташкент қаласында ашылған Қазақ халық ағарту институты 1917 жылдан бастап жұмыс істейтін қазақ педагогикалық училищесінің негізінде бой көтерді. «Қазақ Халық ағарту институты туралы Ережеге» сәйкес институттың бес жылдық негізгі курсынан өзге, бір жылдық курстар, мектепке дейінгі тәрбие курстары, мектептен тыс білім беру курстары ашылды. 1920 жылы 10 қарашада өткен Ағарту халкомы алқа мәжілісінде И.Тоқтыбаев Халкомының нұсқаушылар бөліміне нұсқаушылықпен қатар Қазақ педкурсының меңгерушілігіне тағайындалды. Ол осы қызметті 1920 жылдың тамызына дейін атқарды. Бұдан соң И.Тоқтыбаев 1921 жылғы қаңтарда Ташкентте ашылған Қазақ ғылыми комиссиясын басқарды. 1921 жылы қаңтарда құрылған Қазақ ғылыми комиссиясы құрамына жоғары оқу орындарының қызметкерлері енгізілді. «Қазақ ғылыми комиссиясы басқа ұлттық комиссиялардан интеллектуалдық тұрғыда өте қуатты жеке құрамымен ерекшеленді. Оның мүшелері қазақ фольклорын жинаушы Ә.Диваев, жас ғылыми қызметкер М.Әуезов және тағы басқалары болды. 1921 жылы қазанда Қазақ Ғылым комиссиясының төрағасы болып Х.Досмұхамедов, комиссия мүшелігіне Ә.Диваев, У.Танашев және Е.Омаров тағайындалды. Х.Досмұхамедовке зор жауапкершілік артылып, жұмысты жандандырып, жолға қою тапсырылды. Қазақ Ғылыми комиссиясы мектеп кітаптарын даярлауға басты назарын аударып, 1921 жылы 30 шілдеде И.Тоқтыбаевтың «Жағрафия» атты оқулығын қарап, оны баспадан ешқандай кезексіз 5000 данамен шығару туралы қаулы қабылдады [5]. Қазақ ғылыми комиссиясы Қазақ ағарту институтымен бірлесе отырып, 1923 жылы шілдеде Қазақ ағарту институтының студенттер тобын Москва қаласында өткізілген Бүкілодақтық ауылшаруашылық көрмесіне қазақтардың тұрмысы мен этнографиясының

жәдігерлерін таныстыруға жіберді. Олардың арасында әнші ретінде институт тыңдаушысы Құрманбек Жандарбеков пен оқытушы Мағжан Жұмабаевта болды. Көрмеге Қазақ ағарту институты мен Қазақ ғылыми комиссиясы әр түрлі құжаттар, кітаптар, материалдар жинағы секілді барлығы 100-дей жәдігер апарды. Оның ішінде Әмір Темірдің Түркістан Әзірет Яссауи мешітіне берген грамотасы, Иса Тоқтыбаевтың «Түркістанның географиялық очеркі», Т.Рысқұловтың «Жетісу мәселелері» кітаптары және т.б. болды. Зерттеуші Тоқтыбаевтың бұл оқулықтары өз уақытында үлкен сұранысқа ие болды. Белгілі түріктанушы ғалым, филология ғылымдарының докторы, профессор Әуелбек Қоңыратбаев, Қазақ КСР-і халық ағарту ісінің үздігі, ұстаз Меңдияр Киікбаев Тоқтыбаевтың «Жағрафия» оқулығын барлық қазақ мектептері Ұлы Отан Соғысына дейін пайдаланылғанын растайды [5].

1922 жылы 4 желтоқсанда Ташкент қаласында Х. Досмұханбетов, И.Тоқтыбаев бастаған қазақ зиялылары бас қосып, Мемлекеттік Ғылыми Кеңестің алдына «қырғыз-қазақ мәдениетін өркендетуді мақсат еткен» «Талап» қоғамын құру туралы мәселені қояды. Көп кешікпей Талап қоғамы құрылып, 1922 жылы 13-ші желтоқсанда оның бірінші жиналысы болып [6], басқармаға төмендегі адамдар сайланды: Басқарманың төрағасы – Халел Досмұхамедов, басқарманың мүшелері: профессор Александр Шмидт, Иса Тоқтыбаев, Мырзағазы Есболұлы, Мұқамеджан Тынышбайұлы, Мұхтар Әуезұлы, Қасым Тыныстанұлы болды. «Талаптың» жоғарыда айтқан мүшелері көпшілік алдында дәріс оқып, баяндамалар жасап, түрлі көрмелер ұйымдастырды. Өнердің неше түрлі үлгілерін, кітаптар мен қолжазбаларды шығарып, кітапхана, оқу залын ашты. «Талап» қоғамы көздеген мақсатына толық жетпесе де, ұлт мәдениетін өркендетуге өзінің қомақты үлесін қосты.

1920 жылдан бастап Ақ жол газеті шыға бастады. Осы газеттің жұмысын ұйымдастырушылардың қатарында Сұлтанбек Қожановпен бірге Иса Тоқтыбаев та болды. Ол бұл кезде өзінің талантымен республикадағы іскер, партия, кеңес қызметкерлерінің бірі болатын. Оның кандидатурасын ең алдымен сол кездегі Түрккомиссиясы басшыларының бірі В.В. Кубышев ұсынды. Тоқтыбаев 1920 жылдың аяғында Ақжол газетінің жауапты редакторы болып тағайындалды. Сонымен қатар бір жағынан жаңа шыға бастаған Шолпан», «Сәуле» (Ақжол газетіне қосымша), «Коммунист» «Шаншар», «Спутник коммуниста» басылымдарының сарапшысы, әрі редакторы болды. Сонымен бірге ол бір жағынан Орталық комитеттің баспа секторының меңгерушісі қызметін атқарды. Сөйтіп жүріп Ташкенттегі Орта Азия мемлекеттік университетін сырттай оқып бітірді. Ақ жол газетінің айналасына ұлт қаламгерлері мен ғалымдар топтасты. Иса Тоқтыбаев баспа салысында жүріп, қазақ интеллигенциясы мен жазушыларының шығармашылығына ерекше көңіл бөлді. Атап айтқанда, жиырмамыншы жылдары қазақ әдебиетіндегі көрнекті ғалым-зерттеуші Әуелбек Қоңыратбаев Ақжол газетінде бес жыл тілші болып қызмет істейді. Онда Ботагөз», «Анама» және тағы да басқа айтулы өлеңдерін жариялады. Сонымен бірге, Орта Азия мемлекеттік университетінде оқып жатқан жас М.Әуезов И.Тоқтыбаевтың шақыруы бойынша «Сәуле» журналының әдеби

қызметкері болды. Көрнекті жазушылар мен ақындар Сәбит Мұханов, Иса Байзақов, Бейімбет Майлин, Илияс Жансүгіровтың алғашқы әңгімелері мен өлеңдерін газеттер мен журналдар беттерінде дәл осы И.Тоқтыбаев жариялады. Иса Тоқтыбаевтың өзі де халық ақын жыраулары Тұрмағанбет Ізтілеуов пен Омар Шораяқтың еңбектерін осы басылымға ұсынған. Асқар Тоқмағамбетов Исаның ықпалымен Ташкент басылымдарында өлеңдерін жариялап алғаш рет танымал ақын атанды. Редакция қызметкерлері қазақтың мәдени мұраларын қорғауға белсене қатысып, қырық түйеге тиеген ел ішінен халықтық дастандар мен тарихи жырларды жинастырған. Өкінішке орай олардың көпшілігі басылым көре алмай, қазір шаң басып Өзбекстан мұрағаттарында жатыр [6]. Иса Тоқтыбаевтың өзі баспа беттерінде негізінен «Балықшы» немесе жәй «Тоқтыбаев» деп қол қойып әңгімелер, очерктер жаза бастады.

Иса Тоқтыбаев 1920 жылдан бастап Түркістан республикасының жоғарғы партия, кеңес органдарының және халық ағарту комиссариаты коллегиясына мүше болып сайланып отырды. Бұл жұмыстарды ол 1924 жылдың аяғына дейін, яғни Түркістан республикасы таратылып, «Ақжол» газеті Сырдария губерниялық партия комиеті мен кеңес атқару комитетінің органы болғанға дейін істеді. Ташкенттік газеттер мен журналдарының қызметіндегі қиындықтарға қарамастан, ол аз уақытта Түркістан өлкесінде кеңес үкіметінің қалыптасуына еңбек сіңіріп, халықты білім алуға шақырды. Иса Тоқтыбаевтың осы қиын жылдарда баспа саласындағы қызу қызметі үшін 1924 жылы өлке коммунистері оны Р \б\ КП XII съезінің делегаты етіп сайлады.

Кеңес өкіметі 1925 жылы оны Қызылорда уезі оқу бөлімінің меңгерушісі қызметіне жіберді [2]. Сол кездегі үкіметтің тапсыруымен Қызылорда қаласында алғашқы қазақ драмалық театрын және қазақ халқының мәдени өмірінде елеулі оқиға болған «Еңлік-Кебек» қойылымын ұйымдастырды. Қазақстан астанасы Орынбордан Қызылорда қаласына көшіп келгеннен кейін, республикалық оқу комиссариаты оны Орынбор қаласындағы халық ағарту институтына және оның жанындағы жұмысшы факультетіне (рабфак) директор етіп жіберді. 1926 жылы бұл жерлерден кетуге мәжбүр болып, Семейден шығатын «Қазақ тілі газетінің редакторы қызметіне тағайындалды. 1929 жылы Алматыға барып, Қазақстан оқу комиссариатында аз уақып қызмет істегеннен кейін, Исаны өлкелік партия комитеті Ленинград қаласындағы аспирантураға оқуға жіберді. Иса бұл оқуды да өте жоғары бағамен бітіріп, Ленинград обкомының ұйғарымы бойынша сондағы Шығыс елдері институтының директоры, әрі бүкілодақтық Толмачев атындағы саяси-соғыс академияда сабақ беріп, Ленинградтағы мемлекеттік этнография мұражайының меңгерушісі болды [6].

Қорыта келгенде, белгілі қоғам және мемлекет қайраткері, ағартушы ғалым Иса Тоқтыбаевтың қоғамдық-саяси және рухани-мәдени қызметін жан-жақты ашып көрсету үшін зерделі зерттеу жүргізіп, шығармаларын жарыққа шығару қажет [7]. Ол үшін Иса Тоқтыбаевқа қатысты Өзбекстан Республикасы Орталық Мемлекеттік Мұрағаты мен Ресей Федерациясы

мемлекеттік мұрағаты, Қазақстан Республикасы Орталық Мемлекеттік Мұрағаты қорларындағы құжаттармен танысып, ғылыми негізде саралау керек.

Ғылыми жетекшісі - Енсепов Б.Б.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Исаев, М. (1990). *Революция сардары*. Алматы.
- 2 Ырсымбетов, Ж. (1967). *Жалынды большевик журналист*. Шымкент облыстық газеті.
- 3 Сборник документов и материалов. (2004). *Жизнь и деятельность представителей казахской национальной интеллигенции в Туркестане*. Шымкент: Южно-Казахстанский госуниверситет им. М.Ауезова.
- 4 Тилеукулов, С., Оразымбетов, Ш. (2005). *Первый Казахский институт в Ташкенте (Сборник документов и материалов)*. Ташкент: ТГПУ им. Низами.
- 5 Енсепов, Б.Б. (2013). Мың тамұқты көрген адам. <https://e-history.kz/kz/news/show/1958>.
- 6 Мәми, Т. (2013). Коммунистердің тамұғынан оралған. *Қазақстан мұрағаттары*, 1, 25.
- 7 Yensenov, KA, Naimanbayev, BR, Ibrayev, SU, Yensepov, BB, Aldabergenov, KM. (2020). History of German diaspora in Kazakhstan (XIX-XXI). *Analele Universităţii din Craiova. Istorice*, Annul XXV, 1(37), 125-137.